

Конференция пизасы

БІРІНШІ БЕЛЕС: БЕРІК ҚОРҒАНЫС

Қазақстан-Норвегия — 0:0

Өткен жылды Конференция лигасында ойнаған Қазақстан табысты аяқтады. Өз тобында (Қазақстан, Эзербайжан, Беларусь, Словакия) 13 ұпай жинап, «С» лигасынан жоғары тұрған «В» лигасына өтті. Ал қалған шу команда был да ойынды бұрынғы «С» лигасында өткізбекші. Әрине, былғы «В» лигасындағы құрамалар былтырғыдан мықтылау: Австрия, Норвегия, Словения, Қазақстан. Дегенмен тәуекелге бел буып отырмыз. Былтыр да Қазақстан құрамасын дұрыс есепке алғандар әуелгіде онша көп болмап еді. Бірақ сол кездегі бас бапкер Магомед Адиев бастаған жігіттер біздің футболдың мығымдығын танытты. Бір саты жоғарылады. Ал былл...

* * *

Өткен аптада Қазақстан құрамасы алғашқы кездесуін өткізді. Жалпы өткен апта іргелес елдер мамандарының қызметтен кетуімен басталды. Дұрысын айтқанда, жалғасты. Өйткені соның алдында ғана «Ордабасы» командасының бас бапкері Беларусь Александр Седнев орны қазақстандық Кирилл Кергерге беріп кетіп еді. Су жаңа Кергердің басқаруындағы команда алғашқы кездесуінде «Қайсардан» жеңіліп оралды.

Ал жексенбіде «Елімайдан» ұтылған «Ақтөбе» командасының бас бапкері Дмитрий Парфенов қызметтен босатылды. «Астанадан» ұтылған соң «Қайраттың» жетекшісі Александр Кержаков та осылардың жолын құшты. Неге бұндай шешім қабылдағанын бапкердің өзі жарытып айтпады.

Қатарынан төрт кездесуде бір рет жеңіске ие бола алмаған Парфеновтің командасына қарағанда Кержаковтың жігіттері чемпиондық тақты иемденуге енді ғана шындап кіріскен тәрізді еді. Жарайды. Кеткендер кетті. Олардың орнына мығым отыра алатын енді кімдер бар? Маусым бойғы тартыс-таластар ештеңе емес. Алтын медальға кімнің ие болмақтығы таразыға түсіп тұрған мына кезеңде, мейлі, жақсы болсын, жаман болсын, үйреніп қалған бапкерден айрылып қалу қай командаға да оңайға соқпаса керек.

Бір қызығы, дәл осы кезеңде Қазақстан ұлттық құрамасын екі жыл басқарып, биікке шығарған Магомед Адиев Ресей Премьер-Лигасында ойнайтын «Ахмат» клубымен қоштасты. Мәселенің егжей-тегжейіне бармай-ақ қоялық, Адиевтің жетекшілігіндегі грозныйлық «Ахмат» 7 ойында 5 ұпай ғана жинады. Бірде-бір жеңіске жете алмады. Магомед Мусаевичке қанша жерден жанымыз ашыса да, кейде жеке команданы басқару ұлттық құраманы ілгері сүйреуден әлдеқайда қиын секіді көрінді. Өйткені ұлттық құрамаға небір ойыншыларды шекесінен шертіп жүріп таңдап аласың (әрине, таңдауға татыса), ал клуб құрамындағы футболшыларды өйтіп іріктеп отыруға мүмкіндігі жоқ, бариерімен базарлайсың.

* * *

Норвегия құрамасымен кездесуге Қазақстанның су жаңа бас



бапкері Станислав Черчесов, әрине, өзі ең таңдаулы деп есептеген футболшыларды таңдап алды. Өйткені норвегиялықтарды әлсіздер қатарына қоса алмайсың. Үш рет әлем чемпионының финалдық кезеңіне қатысқаны бар (1938, 1994, 1998), 2000 жылы Еуропа чемпионатында да бақ сынады. Егер 2023 жылы Берлинде өткен Олимпиаданың қола жүлдегері болғанын ескірген фактіге жатқызсақ, 1998 жылы Бразилия құрамасын, оған дейін екі рет, 1981 және 1993 жылдары Англияны ұтып кеткенін ұмытуға болмайды. Ұлттар лигасында бұлар 2022-2023 жылғы рейтинг бойынша 24-орынға шықты. Ал Қазақстан 100 бірденесінші орында екен.

Дегенмен, қалай болғанда да, Норвегия футболы та қазір үйреніп тұрғандай мықты емес. Талассыз жүлдыз деп Эрлинг Холандты айтуға болады («Манчестер Сити»). Бұған лондондық «Арсеналдың» футболшысы Мартин Эдегорды да қосуға болар.

6 қыркүйек күнгі кездесуге бұлардың екеуі де шықты. Екеуі де бірақ гол соға алмады. Біздің қорғаушылар гол соқпайды.

Ең алдымен айтарымыз, ойын тең аяқталды — 0:0.

Жалпы бұл кездесуді Норвегияның шабуылы мен Қазақстанның қорғанысы деп атауға да болар. Себебі футбол білгірлері Норвегияны алдына ала фаворит деп белгілеген болатын. Расы да солай болды. Бүкіл ойын барысында қонақтар тынымсыз шабуылдаумен болды да, алаң иелері қорғаныстан шығып жарыптады. Бірақ бұл да тактика. Әзірге жанкүйер таңдай қағып отырар шабуылшысы жоқ команда қорғанабағанда қайтсін. Біздің жігіттер қара терге түсті. Бірақ сыр бермеді. Алаңның ана тұсынан да, мына тұсынан да атойлап шыға келетін норвегтердің әр қадамын бақылап-ақ бақты. Әрі-беріден соң қорғану — шабуылдаудан да кем соқпайтын сын. Осының өзінде қонақтар екі рет аса қауіпті соққы жасады.

31-минутта Норвегия құрамасы кезекті позициялық шабуылы бастады да, доп біздің айып алаңымызға жетіп келді. Александер Серлот талас кезінде допты Нұралы Әліптен қақшып алды да, Феликс Мюреге жіберді. Мюре бөгеліссіз соққы жасады, дегенмен доп қақпаның маңдайшасына тиіп одан әрі айдалаға ұшып кетті.

Ал екінші таймда, 55-минутта шабуыл барысында біздің айып алаңымызға келіп үлгерген Антонио Нуса допты алыс бұрышқа тепті де, біздің қорғаушымызбен жағаласып жүрген Эрлинг Холанд аяғын төсей қойды, дегенмен доп қақпа дінгеіне тиді де өз бетімен әрі қарай лағып кетті.

Қалай барлап көрсеніз де, алаң иелері қонақтарға осы екі сәттен басқа уақытта гол соғып кетерліктей мүмкіндік берген жоқ. Мына екі жағдайда да соққы иелері біздің жігіттердің жанкешті қимылдарына

алаңдап ойларын жүзеге асыра алмағаны даусыз.

Міне, осындай тынымсыз арпалыс үстінде жүрген жігіттерімізге шабуыл шебінде неге көзге түсе алмадыңдар деп кінә тағудың да қысыны келіңкеремейтін секілді. Статистикаға үңілсек те, қазақстандық құраманың ойыншыларынан қонақтардың басым болғанын мойындауға тура келеді: соққылар — 5:2; қақпаға дәл бағытталған соққылар — 0:2; бұрышталмағандар — 2:13. Ал кездесудің 64 пайызы бойына доп қонақтардың аяғында жүрді, біздің жігіттер 36 пайызбен шектелді.

Дегенмен жігіттеріміз алғашқы сынан абыроймен өтті. «Мен ойын алдында Холанд мен оның командасына қарсы қаруымыз біздің ойыншылар болатынын айтқанмын. Олармен Александр Марочкин, Әлібек Қасым және Нұралы Әліп ойындағы тіресті. Бұл жігіттер біздің ойыншыдағыны жасады. Холанды ойнақтатпады. Екіншіде, Норвегияның Холанды доппен қамтамасыз етуіне мүмкіндік берілмеді», — деді С.Черчесов ойын біткен соң.

«Flashscore.com» статистикалық сайты қазақстандық құраманың ішінен ең үздік деп қорғаушы Ян Вороговскийді атады. Ол 7,5 балл алды. Ал ең аз балл алған — шабуылшы Рамазан Керімов. Бұл түсінікті де. Рамазан ойынға екінші таймда қосылғандықтан өзін жан-жақты көрсете де алмады. Ал ресейлік комментатор Максим Кретов кездесудің ең үздік ойыншысы деп Нұрәлі Әліпті атады. *Беделді* «WhoScored» аналитикалық сайты болса, Қазақстан құрамасының үздік ойыншысы Игорь Шацкий деп таныды. Ол 7,59 балл алды. Одан соң 7,35 балл жинаған Ян Вороговский мен 7,23 балла ие болған Әлібек Қасым тұр.

Ал, шындығына келгенде, осы ойынға қатысқан қазақстандық футболшылардың барлығы да мақтауға лайық болды. Екінші таймда алаңға шыққандар да қателікке ұрынбады.

Жалпы шетелдік БАҚ Қазақстан футболының бұл ойын нәтижесін сенсация деп бағалады.

Қазақстан-Норвегия — 0:0
Ескерту алғандар: Бакиер Зайнутдинов, 38-минут, Әлібек Қасым, 42-минут, Айбол Әбікен, 72-минут, Ислам Чесноков, 75-минут (Қазақстан); Арон Деннум, 78-минут (Норвегия).

Қазақстан төмендегі құрамда ойнады: Игорь Шацкий (қақпашы), Ян Вороговский, Александр Марочкин, Әлібек Қасым, Нұралы Әліп, Марат Быстров, Асхат Тағыберген, Бакиер Зайнутдинов (Рамазан Керімов, 63-минут), Рамазан Оразов (Айбол Әбікен, 58-минут), Ислам Чесноков (Эльхан Астанов, 80-минут), Абат Алымбетов (Максим Самородов, 58-минут).

Бас бапкер: Станислав Черчесов.

6 қыркүйек 2024 жыл. Алматы қаласы, Орталық стадион.

Е. АХАТҰЛЫ.

«КазНефтеГазПроект» ЖШС

2024 жылғы 18 қазанда сағат 10.00-де Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Желтау ауылдық округі Шамши Қалдаяқов ауылы, Бальшыңылар көшесі, 13 мекенжайы бойынша «Қарғалы учаскесінде барлау жұмыстары» және «Қарғалы учаскесінде МОГТ-2Д далалық сейсмикалық барлау жұмыстары бойынша техникалық жоба» есептерін ашық жиналыс түрінде талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды.

Өсер ету аймағы: Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Желтау ауылдық округі Шамши Қалдаяқов ауылы, 50°34'39.24" с.е., 57°32'36.00" ш.б. Қарғалы учаскесінің координаттары: 50°33'00" с.е., 57°20'00" ш.б.

ZOOM бейнеконференциясына қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5NacBcy7CvOWjdtzHkmQoqFvIPG.1>

Конференция идентификаторы: 984 078 7984.

Қатынас коды: 123456.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша байланыс нөмірі: 8702129912.

Тапсырыс беруші: «КазНефтеГазПроект» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Митина көшесі, 4-үй, 302-пәтер, БСН: 080640010528, тел.: 8-702-419-0246, ekulumbetov@mail.ru.

Жобаны әзірлеушілер:

«СМАРТ Инжиниринг» ЖШС, Алматы қ., Чайкина көшесі, 1/1, БСН 060340007305, электронды пошта: gul_shat_k@mail.ru, тел.: 87024190246; «Азимут Энерджи Сервисес» АҚ, Алматы қ., Атырау ш.а. 3-үй, тел.: (87272) 59-66-66, БСН 960440000548.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері:

Электронды пошта: info@smart-eng.kz, тел.: 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электронды және пошта мекенжайы: Жергілікті атқарушы орган – «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошта мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды пошта: expert_oos@mail.ru, тел.: 8(7132)55-26-28.

Жобалық құжаттамамен Біріккен экологиялық порталында (<https://ecoportal.kz>) және жергілікті атқарушы органның ресми сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/?lang=ru>) танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей expert_oos@mail.ru электронды поштасына және <https://ecoportal.kz> сайтына қабылданады.

«ҚазХром» ТҮК» АҚ

филиалы - Дөң тау-кен байыту комбинаты жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі; рұқсат етілген шығарылым нормативтерінің жобасы (РШН); «ҚазХром» ТҮК» АҚ филиалы - Дөң ТКБК «Қазақ КСР 40 жыл - Молодежное» (Молодежная шахтасы) кен орнының хром кендерін өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыс кезеңіне арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ); «ҚазХром» ТҮК» АҚ филиалы - Дөң ТКБК «Қазақ КСР 40 жыл - Молодежное» (Молодежная шахтасы) кен орнының хром кендерін өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстар кезеңіне қоршаған ортаны өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; 2030 жылғы 9 айға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 50° 20' 58" ОМ, 58° 31' 03" ВД.

Өсер ету аумағы: Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Хромтау қ. Қоғамдық тыңдауды өткізу орны, күні мен уақыты: Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Кеншілер мәдениет үйі, Өйтеке би көшесі, 46Б, 18.10.2024 ж., сағат 11.00-де.

Шектеу іс-шараларын енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференциялық арқылы онлайн режимінде («Zoom Video Communications») бағдарламасы арқылы) <https://erg.zoom.us/j/89824770631?pwd=cGaN1HbTph5XWiyCQ5UBVYrDq7ZNV2.1> сілтемесі бойынша өткізілетін болады.

Конференция идентификаторы: 898 2477 0631. Кіру коды: 806486.

Жоспарланған қызметке тапсырыс беруші: ДТКБК, 031100, Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Бейбітшілік алаңы, 25-ғимарат, БСН 021041001594, директоры – Н.М.Саринжинов, тел.: +7 (713) 362-13-72, эл.мекенжайы: dgok@erg.kz.

«АнГеоритм» ҒӨК ЖШС жобалау құжаттамасын әзірлеуші, БСН: 20240023486, Қарағанды қ., Республика даңғ., 42-үй, кеңсе 3, info@algeoritm.kz, Тел.: + 7 (7212) 25 23 45.

Жобалармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдау хаттамасымен <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/?lang=ru> сайттарда танысуға болады. Қосымша ақпарат, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұрату қажет: info@algeoritm.kz, Тел.: + 7 (7212) 25 23. Жоба бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электронды нысандағы ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша және expert_oos@mail.ru эл. мекенжайына жіберуге болады.

«ҚМК Мұнай» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2024 жылдың 14 қазанда сағат 14.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл а.о., Саркөл а., Геолог көшесі, 25 мекенжайы бойынша Шұбаршы клубында қоғамдық тыңдау өткізіледі.

«ҚМК Мұнай» АҚ «Мертук» кен орны бойынша 2025 жылға арналған рұқсат етілетін шығарылым нормативтерінің жобасы.

«ҚМК Мұнай» АҚ Құмсай кен орны бойынша 2025 жылға арналған рұқсат етілетін шығарылым нормативтерінің жобасы.

«ҚМК Мұнай» АҚ Көкжиде кен орны бойынша 2025 жылға арналған рұқсат етілетін шығарылым нормативтерінің жобасы.

«Ақтөбе облысындағы «ҚМК Мұнай» АҚ Көкжиде тұзусты кен орнындағы ұңғымаларды жою және оқшаулау жұмыстарының топтық техникалық жобасы» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

«Көкжиде кен орнындағы «ҚМК Мұнай» АҚ таралынан бұзылған жер учаскелерін рекультивациялау жобасы» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

«ҚМК Мұнай» АҚ меншігі Идентификатордегі Көкжиде тұзусты кен орнындағы жерасты және жер үсті пайдалану объектілерін демонтаждау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жобасы» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Сонымен қатар 2024 жылдың 14 қазанда сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл а.о., Саркөл а., Геолог көшесі, 25 мекенжайы бойынша Шұбаршы клубында «Көкжиде кен орнындағы «ҚМК Мұнай» АҚ таралынан бұзылған жер учаскелерін рекультивациялау жобасы» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «ҚМК Мұнай» АҚ 8(7132)768-926 Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 42 А.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар видеоконференция түрінде өткізілетіні хабарлайды (Zoom Video Communications Бағдарламасы арқылы) <https://us05web.zoom.us/j/87358721785?pwd=Adsh7YIZ6amQkD8bcUyNWYsOjJFt.1> Конференция идентификаторы: 8735872 1785. Кіру коды: GsPCj8).

Қосымша ақпаратты көрсетілген электронды пошта және телефоны бойынша алуға болады: zarina.arturova@mail.ru, +7 707 88313 43.

«Ақтөбе облысы Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қайта шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен қашықтық, орташа қашықтық, км, жер учаскесінің лот №)	Жер учаскесі беріледі:		Аймақтың ауылшаруашылық мамандануы	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га . Жалдау мерзімі, жыл	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтамасыз етілуі	Басқа	
		шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін			Егістік	Жа-йылым	Шабан-дық	Басқа алқаптар				
1.	Құдықсай ауылдық округі, 1-лот	шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы	317 10 жыл	317				Қара-қоңыр, 19	-	-	
2.	Тасөткел ауылдық округі, 2-лот	шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы	2 10 жыл	2				Қара-қоңыр, 19	-	-	

ЕСКЕРТІЛЕ

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін келесідей құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстың ұсыныс;

Конкурстың ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агро-технологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау; және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс

алаңдары құрылымын өртаптапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агро-технологияларды, фитосанитарлық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстың ұсыныстары беттері нөмірленіп, тілінен түрде мерленген немесе өшірілмейтін сыммен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстың ұсыныстың соңғы беті жеке тұлға (немесе сенімді өкіл) үшін – қатынасушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басышының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мерімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатынасуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, он бес жұмыс күні ішінде өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.

Конкурстың өтінімдер 2024 жылдың 25 қыркүйегімен 8 қазан аралығында қабылданады.

Конкурс 2024 жылы 9 қазан сағат 10.00-де Ақтөбе облысы Хромтау қаласы, Республика көшесі, №784 (аудан өкімдігі) мекенжайында өтеді.

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Министрлігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығымен бекітілген шаруа немесе фермер қожалығына, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы конкурсты ұйым